

Премьер-Лига ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ЖЕТІНШІ ЖЕҢІСІ «АҚТӨБЕ»-«ЖЕТІСУ» — 2:0

22-турда «Ақтөбе» өз алаңымызда Талдықорғанның «Жетісу» командасын қабылдады. Биыл Премьер-Лигамең қостас қауіп төніп тұрған «Жетісу», әрине, бұл ойында ұлай алып қалғуға тырысатыны белгілі еді. Ал шаруасы түгел клубтарға қарағанда шегінетін жері қалмаған осындай командалармен кездесу қашанда оңай емес. Өйткені бұлардың жоғалта-тын ештеңесі жоқ. Бірақ кездесуде жанкүйерлер таңғаларлық оқиға болып қойды. Оның бірінші себебі «Ақтөбенің» мығым ойыны дүзеі, екінші себеп, көшін түзей алмай келе жатқан «Жетісу» расымен де бұл жолы да жарқырап көріне алмады. Ал ойын барысында келсек, алғашқы минуттарда доп, негізінен, алаңның орта бөлігінде жүрді. Ақтөбеліктер қарсыластарының бұл ойынға әзірленген әдіс-тәсілін байқап алғысы келді ме, әйтеуір, әуелі бірден дүрсе қоя берген жоқ. Сөйткен жерлестеріміз 5-минут шамасында тетенше шабуыл ұйымдастырғанмен, қонақтарға да сәл еркіншілік бергендей болды. Соны пайдаланған жетісулықтар 8-минутта біздің қақпаға қауіпті шабуыл жасады, дегенмен қақпаға бағытталған соққы тым әуелеп кетті. Міне, осындай соң ақтөбеліктер ойында белсенуі кірісті. Нәтиже де көп күттірген жоқ. 17-минутта «Жетісу» қақпасына алды абыр-сабырға толып кетті. Тұтқиылдан төніп келген алаң иелерін толық бақылауға алуға қонақтардың шамасы келмеді қалды. Дәл қақпаның алдында жүрген біздің Олег Чернышов допты өкшесімен теуіп, артында жүрген әріптестеріне тастаған болатын, оны жетісулық футболшылар одан әрі аулақтатпақ болды. Осы кезде Виталий Балашов асқан шеберлік көрсетті. Ол алдында кездесіп келе қалған допты оң аяғымен шапшаң қабылдап алды да, қарсыластарын алдау үшін жалған қимыл жасап, ентелеп келген қос қорғаушыны сүріндірді, сөйтіп де сол аяғымен қақпаға қарата жойқын соққы жасады, бірнеше футболшының арасынан оқтай ұшып өткен доп жібек торды бүлік еткізді, қақпашы еш әрекет жасай алмай қалды — 1:0. Бұдан соң жерлестеріміз еркін қимылдауға кешті. «Жетісудың» қақпасына қайта-қайта шүйілді. Жетісулықтар кәдімгідей сасқалақтай бастады. Олар тіпті өз айып алаңында ебедейсіз әрекеттер жасап, допты алаң иелерінің аяғына салып бере



рысқан жетісулық қақпашы Денис Кавлинов бәрібір тағы да қапы қалды — 2:0. Қосымша үш минут қосылған бірінші тайм осы есеппен аяқталды. Ал үш минут қосылуының себебі кездесу барысында ұсақ тәртіпбұзушылықтар көп болды да, алматылық бас төреші Рустам Омаров ойынды қайта-қайта тоқтатуға мәжбүр болды. Расына келгенде де, шеберлік жоқ жерде аяқтан шалу, итеріп қалу секілді тәртіпсіздіктер орын алатыны белгілі. Бірінші таймда 15 рет тәртіп бұзылып, 3 ескерту қағазы көрсетілуі осының дәлелі. Екінші таймды «Ақтөбе» тынымсыз шабуылдармен бастады. Сондай сәттердің бірінде қонақтар қақпасының алдына бұрыштамадан тасталған допты жерлестеріміз дәл бағыттай алмай, қысы жіберген бірі өкініш болса, екінші өкініш — тағы бір гол соғу мүмкіншілігін пайдалана алмай қалғанымыз. 53-минутта шапшаң да шалт қимылдаған футболшымыз Рамазан Оразов қорғаушыларды көктей өтіп, тура қақпа алдына жетіп келді, оның үстіне қақпашыға қарсы жеке дара шықты.



БАЛАЛАРҒА ТАРАТЫЛДЫ

Жыл сайын Ақтөбе қаласындағы №49 орта мектеп өз бақшасында көкөністер егін, өсіреді. Мұндағы мақсат — оқушыларға экологиялық тәрбие беру, өңбекке баулу, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту және дестүрлі республикалық «Мектепке жол акциясы» аясында көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көмектесу. Биыл да әдеттегідей білім ошағаның бақшасында өсірілген көкөністер мен жеміс ағаштары мол өнім берді. Негізінен, қияр, қарын, қарбыз, жүгері егілді. Жаз бойы мектеп ұжымы мен оқушылар көкөністердің арамшөптерін жұлып, суарып, күтіп-баптады. «Жақсылық өткен алғыс алады» демекші, бұл игілікті істің басы-қасында мектебіміздегі қамқоршылық кеңестің төрағасы Абат Қожабайұлы жүрді. Жиналған өнім арнайы санатқа жатын балаларға үлестірілді. Үлкендердің мұндай игілікті ісі оқушыларға да үлгі болары анық.

Гүлжан ИБРАШЕВА, №49 орта мектептің әлеуметтік педагогі. Ақтөбе қаласы.

РЕСМУ БАЛА ТУУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БЕРІЛЕТІН ТӨЛЕМДЕР

Баланың дүниеге келуіне және бір жасқа толғанына дейінгі кезеңіне байланысты төленетін жердемақыны ресімдегісі келетін қазақстандықтар енді тұрғылықты жеріне қарамастан, еліміздің кез келген ЖҚО-ға жүгіне алады. Бұрын тұрақты тіркеудің болуы және тіркелген жері бойынша ЖҚО-ға жүгіну әлеуметтік төлемдердің ресімдеудің басты өлшемдерінің бірі болған. «Экстерриториалды қандат тұрғылықты тіркеу орнына тәуелді болмай, клиенттерімізге қозғалыс еркіндігін береді. Оның арқасында қазақстандықтар баланың тууына және оның күтіміне байланысты жердемақыны ресімдегеннен кейін, 2021 жылдың 8 айында баланың тууына және оның бір жасқа дейінгі күтіміне байланысты жердемақылар бойынша 300 мыңнан астам мемлекеттік қызмет ресімделген.

Хабарландыру «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің 95-бабына сәйкес 2021 жылғы 3 қараша сәт 14.00-де «2022 ж. арналған ІШШ нормативтерінің түзету жұбасы, өндірістік бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» жұбасының Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл а/о, Жағабұлақ а. Н. Қаржаубаев көшесі, 6» мекенжайында жұбасы бойынша ашық жиналыстың түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

ӨТІНІШТЕР ЖҮКТЕЙТІН ЖҮЙЕ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Биыл 1 шілдеден бастап жана өкімшілік рәсімдік-процестік кодексе қолданысқа енгізілді. Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексеке сәйкес өтініштерді қарау процесін автоматтандыру мақсатында «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі іске қосылды. Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті түскен өтініштерді «Е-өтініш» ақпараттық жүйесіне тіркеп отырады. Сонымен қатар мұрағатты сақтау мақсатында барлық өтініштердің көшірмелерін қолданыстағы электрондық құжат айналымының бірінғай жүйесіне енгізу жұмыстары да жүргізілуде. Өтініштер «Е-өтініш» ақпараттық жүйесімен қатар арнайы есепке алу журналына да тіркеледі, себебі ақпараттық жүйе түрлі себептермен істен шығып қалған жағдайда осы журнал бойынша жұмыстар жүргізіледі. Аталған ақпараттық жүйе — азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы ортақ қағаз айналымын болдырмау мақсатында үшінші тұлғалардың анықтама алу сервисі арқылы мәліметтер алу үшін жасалған өте тиімді әрі қолайлы жүйе. Осы жылдың 1 шілдесінен бүгінгі күнге дейін Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінде «е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 331 арыз-шағым тіркелді, оның 167-сі орындалды. Департаментке түсетін арыз-шағымдардың басым көпшілігі — мемлекеттік сатып алу құжаттары, өсіресе мемлекеттік сатып алу қорытындыларына шағымдану басым.

«Е-өтініш» — азаматтардың өтініш беру тәртібін оңтайландыру мақсатында жасалған жүйе. Сондықтан әрбір азамат өкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес өз өтініштерін осы ақпараттық жүйе арқылы жібере алады.

Т.БАЙСМАКОВА, Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті персоналмен жұмыс және қызметті қамтамасыз ету бөлімінің жетекші маманы.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 56-31-30. aktebesmi@mail.ru. Газетті біздің сайтымызда оқыңыз!

Акөбе ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САҚСЫ ГАЗЕТі. Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС. Газет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Директор: Раукен ОТЫНШИН. Директордың орынбасары: Руслан ДАРБАЕВ. Бас редактор: Бауыржан ӨТЕУЛИЕВ.

Бас редактордың орынбасары-жауапты хатшы: Сәтжан ДӘРІБАЙ. АҚПАРАТ, САЯСАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі: Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 55-11-11. Тілшілер: Индира ӨТЕМИС, Ақбота ҚАЛДЫБЕК, Ақерке САТЫБАЛДЫ, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА.

ЭКОНОМИКА БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі: Мейрамғұл САТАЕВА, 90-71-64. Тілшілер: Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Самат НАРЕГЕЕВ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі: Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64. Тілшілер: Данагүл ҚАЗИХАН.

Сайт редакторы: Аслан СЫДЫҚОВ. Фототілші: Хайреден РАУШАНОВ. КОМПЬЮТЕР БӨЛІМІ: Бөлім жетекшісі: Нұрша БИДАНОВА. Беттеушілер: Динара САНГУЛОВА, Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА. Теруші: Гүлмира АЙНАЗАРОВА. Корректорлар: Қалдығұл МЫРЗАТАЕВА, Данагүл ЖАНӘДІЛОВА. Жазылу және тарату бөлімі: 54-79-80. Жарнама бөлімі: 56-31-30.

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Баспасөз үйі. Т.Рысқұлов көшесі, 190-үй. Ғалс: 54-69-00. Қаблдау бөлмесі: 54-69-00. Сайт: www.aktebegazeti.kz. E-mail: aktebegazeti@mail.ru. Алтасына 3 рет шығады. Таралымыз 14696. Тапсырыс №997. Нөмірдің кезекші редакторы: Айнуір Жалмағанбетова.